

БЕКІТЕМІН:

Қарасу негізгі мектебінің
директоры: *Амангалиева*
« 27 » тамыз 2025ж



КЕЛІСЕМІН:

ОЮ *С.С. Смайлова*
« 27 » тамыз 2025ж

Ә/Б ОТЫРЫСЫНДА ҚАРАЛДЫ

Хаттама № 1

Бірлестік жетекшісі: М.Р. Ермек
« 27 » тамыз 2025ж

**Қарасу негізгі мектебінің бастауыш сынып әдістемелік бірлестігінің
2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары**

2025-2026 оқу жылы

Бастауыш сынып мұғалімдерінің мектептік әдістемелік бірлестігі туралы ережелер

1.Негізгі ережелер:

1.1.Бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігі-оқу-тәрбие үрдісін басқарудың мектепшілік жүйесінің құрылымдық бөлімшесі.

1.2.Әдістемелік бірлестік мүшелері-бастауыш сынып мұғалімдері

2. Бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінің міндеттері:

2.1.Бастауыш сынып мұғалімдерінің теориялық, ғылыми-әдістемелік деңгейін көтеру: Нормативтік құжаттармен танысу; заманауи педагогикалық технологияларды игеру;оқу пәндерінің оқытылу әдістемесін жетілдіру; педагогиканың және жеке тұлғаның психологиялық аспектілерін зерделеу;

2.2.Оқушыларды әлеуметтендіру мен білім берудің бірегей негіздегі әдістемелердің орындалуын қамтамасыз ету; әрбір білім баспалдағына өтудегі сабақтастықты есепке алу-мектепалды дайындықтан-орта буынға дейін.Білім беру мазмұнының деңгейі мен оқыту әдістемесі мен жас ерекшеліктеріне сай алынған технологияларды қолдана отырып, оқыту мен тәрбиелеудің бірегей қағидалары сақталған кезде сабақтастық қамтамасыз етіледі.

2.3.Бастауыш сынып мұғалімдерінің сабақтық және сабақтан тыс жұмыс түрлерін әртүрлі формаларын (топтық, жеке, өздік, жұптық) игерулері;

2.4. Бастауыш сынып мұғалімдерінің оқу-тәрбие іс-шараларын ұйымдастыруын, өткізуін және педагогикалық сараптама жасауын үйлестіру;

2.5.Бастауыш сынып мұғалімдерінің озық іс-тәжірибелерін зерделеу, жалпылау және практикада қолдану;

2.6.Бастауыш сынып мұғалімдерінің оқу-тәрбие жұмысы жүйесінің дамуына және тұрақтануына жәрдемдесу;

2.7.Аталған мектептің басқа да әдістемелік бірлестігімен өзара байланысты үйлестіру;

3.Бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінің функциясы:

3.1.Мұғалімдер мен оқушылардың ұжымдық жұмысын жоспарлау мен сараптауды ұйымдастыру;

3.2.Бастауыш сыныптардың оқу-тәрбие үрдісін үйлестіру және педагогикалық үрдістегі барлық қызметкерлердің өзара іс-әрекетін ұйымдастыру;

3.3.Оқу-тәрбие үрдісін жетілдіру мақсатында оның педагогикалық формаларын, әдіс-тәсілдерін, қағидаларын өңдеп, үздіксіз өзгерістер енгізіп отырады;

3.4.Оқу-тәрбие қызметінің әдіс-тәсілдерін, формаларын, қазіргі заманғы технологияларды игеру мен зерделеуді ұйымдастыру;

3.5.Оқу бағдарламаларын, жоспарларды, сабақ кестелерін талқылау;

3.6.Мектеп ұжымының озық іс-тәжірибесін және басқа мектеп ұжымының озық іс-тәжірибесін жүйелеу және жалпылау;

3.7. Әдістемелік бірлестік мүшелерін марапатқа ұсыныс білдіру; ұжым жұмысын бағалау;

3.8. Мұғалімдердің біліктілігін көтеруді ұйымдастыру;

4.Бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігі жетекшісінің міндеттері:

4.1.Бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінің жетекшісі жауап береді:

- Әдістеме бірлестігінің қызметін дайындауға, жоспарлауға, өткізуге және сараптама жасауға;
- Бастауыш сынып мұғалімдерінің « әдістемелік жинағын» толықтыруға;
- Әдістемелік бірлестіктің жұмысы мен өткізілген іс-шаралар туралы құжаттамаларды уақтылы дайындауға;
- Әдістеме бірлестігінің отырыстарын өткізуге;
- Мұғалімдердің кәсіби шеберлігін көтеру жөнінде іс-шаралар өткізуге;(сабақтарға қатысу, квалификациясын көтеру, семинарларға қатысу, өз білімін көтеру тақырыбы бойынша жұмыс жүргізу)
- Әдістеме бірлестігі мүшелерінің кәсіби теориялық және практикалық деңгейлерін көтеруге;
- Әдістеме бірлестігі мүшелерінің өз функционалды міндеттерін уақтылы орындауға;
- Сабаққа деген дайындықты жетілдіруге;

4.2. Бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігі жетекшісі ұйымдастырады:

- Оқу-тәрбие үрдісіндегі сабақтастықты қамтамасыз ету мақсатында бастауыш сынып мұғалімдері мен пән мұғалімдерінің өзара қарым-қатынас жасауларын;
- Ашық іс-шаралар, семинарлар, конференциялар, әдістеме бірлестігінің отырысын;
- Бастауыш сынып мұғалімдерінің озық іс-тәжірибелерін зерделеу, жалпылау және таратуды;
- Бастауыш сынып мұғалімдерінің оқу-тәрбие жұмыстарыбойынша сұрақтарына кеңес беруді;

4.3.Бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінің жетекшісі бастауыш сынып мұғалімдері өткізетін іс-шараларды жоспарлайды, ұйымдастырады және педагогикалық сараптама жасайды.

4.4.Бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінің жетекшісі мектептегі оқу-тәрбие үрдісінің дамуына және тұрақтануына жәрдемдеседі.

Әдістемелік бірлестікте болатын құжаттар реттілігі:

Әдістемелік бірлестік жұмысы қалыпты болуы үшін келесі құжаттар реті болуы керек

1.Нормативтік құқықтық құжаттар:

- *Әдістемелік бірлестік құру туралы бұйрық;
- * Әдістемелік бірлестік жетекшісін тағайындау туралы бұйрық;
- *Әдістемелік бірлестіктің жалпы ережесі;
- * Әдістемелік бірлестіктің міндеттемелері мен жүктемелері

2. Әдістемелік жұмыс

* өткен оқу жылының сарапатамасы; *мақсаты;

*жаңа оқу жылының бағыттары мен міндеттері;

*мұғалімдер туралы толық мәлімет;

- Мұғалімнің аты- жөні; Білімі , мамандығы,
- Қызметі, Жалпы ж/е педагогикалық өтілімі, Санаты, мадақтамалары, Телефоны мекен-жайы;
- ◆ Жаңа оқу жылының жылдық жоспары.
- ◆ Айлық,апталық , жылдық жоспары
- ◆ Дарынды балалармен , үлгерімі төмен балалармен , үйде оқытылатын балармен жұмыс жоспары
- ◆ Жас маманмен жұмыс жоспары.
- ◆ Пән апталықтарының жұмыс жоспары
- ◆ ӘБ мүшелерінің өз мамандығы бойынша қажеттілігі
- ◆ ӘБ тәжірибелі мұғалімінің жұмысын насихаттау
- ◆ Әб мүшелерінің өзіндік білімін көтеру тақырыбы жайлы мәлімет
- ◆ Аттестациядан өтуші мұғаліммен ағымдық жұмыс жоспары
- ◆ Сызбалар.

3. Бағдарламалар:

*авторлық бағдарламалар, үйірмелер мен факультативтер бағдарламалары.

*оқу жоспары туралы ақпарат, пәндердің оқу жылының әдістемелік-нұсқаулығы,

*тақырыптық жоспарлар.

4. Мектепішілік бақылау

*ақпараттық және аналитикалық анықтамалар, диагностикалар,

Әдістемелік бірлестік жетекшісінде мынадай құжаттар мен материалдар болуы керек;

- Жылдық жоспар.
- Отырыс хаттамалары.
- Білім сапасы мен сабақтың жүргізілу жағдайының аналитикалық бақылау материалдары болуы керек.
 - білім деңгейлері
 - диагностика

- ◆ Оқу бағдарламаларының жиынтығы
- ◆ Мұғалімнің тақырыптық жоспарлары
- ◆ Сауалнамалар
- ◆ Сараптама сызбалары

- ❖ сабақтың түрлері мен типтері
- ❖ талдау түрлері мен типтері
- ❖ жеке бағытталған сабақты талдау критерийлері
- ❖ сабақтың тәрбиелік бағытын талдау сызбасы
- ❖ психологиялық талдау
- ❖ педогогикалық-психологиялық сараптама
- ❖ талдауға арналған карточкалар
- ❖ толық сараптама
- ❖ ӘБ жұмысының талдауы
- ❖ Әдістемелік ақпараттық құралдары.

Әдістемелік бірлестік:

- оқу үрдісіне түйінді және қортынды талдау жасайды; оқу мен әдістемелік курстарының құрылымын міндетті түрде әдістемелік жағынан қамту және мазмұнын өзгертуге байланысты ұсыныс енгізу;
- оқушылардың оқу материалдарын меңгеруі, мемлекеттік білім стандартының талаптарына сәйкес оқытушы мен оқу бағдарламаларына енгізген нақты өзгерістердің алғашқы сараптамасын жүргізуі;
- мұғалімдердің аттестациядан өтуін ұйымдастыруы мен мазмұнына ұсыныстар енгізуі;
- пәндер мен курстарды тереңірек меңгеру мәдени оқу еңбегін көтеру және еңбек демалыс тәртібін сақтау мақсатында оқушылар мен ата-анаға әдістемелік ұсыныстар жасау;
- жас мамандарға әдістемелік семинарлар ұйымдастыру;
- оқушыларды тиімді ғылыми зерттеу жұмыстарына тарту;
- пәндер бойынша сыныптан тыс жұмыстарын үйлестіруде пән апталығы мен олимпиадалар өткізу;
- әдістемелік бірлестік жетекшісі педагогикалық кеңесте есеп беруге міндетті;

Әдістемелік бірлестік құқығы:

- ❖ мектептегі оқу үрдісін жақсартуға ұсыныстарын ұсынуға;
- ❖ оқушылардың оқу тәрбие ісіндегі мәселелер бойынша мектеп директорының оқу тәрбие жұмысының орынбасарларынан кеңес алуларына;
- ❖ бірлестік мүшелерінің инновациялық іс-әрекетке белсенді қатысуын мадақтауға;
- ❖ әдістемелік бірлестіктің озық тәрбие материалдарын жариялауға;
- ❖ мектеп ішінде өздерінің біліктіліктерін көтеруге іс-шара нысандарын ұсыну

Міндеттері:

1. Мұғалімдердің кәсіптік шеберлігін шыңдауын және өзін-өзі жетілдіруін қалыптастыру:
2. Оқышылардың шығармашылықпен ізденуін дамыта отырып, тілге деген қызығушылығын арттыру:

Бастауыш сынып бірлестігінің І жартыжылдық 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары.

Әдістемелік бірлестіктің жұмыс мазмұны	Жұмыс тақырыбы	Түрі	Өтілетін күні	Жауапты мұғалімдер	Нәтижесі
Тәжірибе алмасу	I отырыс 1.20225-2026 оқу жылындағы бірлестік жұмысын қорытындылау негізінде алынған міндеттемелерді жүзеге асыру туралы. 2.Әдістемелік нұсқау хатпен танысу,талдау. 2025-2026 оқу жылы 3.2025-2026 оқу жылына арналған бірлестіктің жылдық жұмыс жоспарын құру. 4.Тақырыптық- күнтізбелік жоспарларды , вариативтік сағаттарды талдау,бекіту.	Кезекті отырыс	25 тамыз	Бірлестік жетекшісі және мүшелер	Тәжірибе қосып, пікір алысып, әдістемелік шеберліктері артады.
Білімін, кәсіби деңгейін көтеру	II отырыс 1. Интернет-ресурстар мен платформаларды қолданып,шығармашылық және сыни ойлауды дамытуға бағыттау жолдары. 2.Білім беру жүйесіндегі ЖИ технологиялары 2. I тоқсан бойынша білім сапасының мониторингісі туралы өзгерістер. III отырысы Тыңдалым дағдысын дамытудағы тиімді әдістер. 1. Қазақ тілі мен математика пәнінен алынған тест қорытындысы. 2.Оқу шапшандығының қорытындысы. 3. II Тоқсан бойынша білім сапасының мониторингісі. 4. Үйірме есебі.	Әдістемелік диалог Мониторинг жасау	қазан желтоқсан	Пән мұғалімдері Бірлестік жетекшісі Ермек М.Р Аманғалиева Л.Ж Санатқызы Д Құралова Д.Қ	Шығармашылық қабілеті артады, сыни ойлауы дамиды

	5.Онлайн платформалар мен ЖИ жаңа мүмкіндіктері	Демо –сабақ	Қазан Желтоқсан	Ермек М.Р Амангалиева Л.Ж Санатқызы Д Құралова Д.Қ	Деңгейлік тапсырмаларды орындату арқылы,үлгерімі төмен оқушылардың білім деңгейін жақсарту
«Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясындағы жүргізілетін жұмыстар	1.«Ұлттық ойын-қлт қазынасы» үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б. «Денсаулық – зор байлық» фестивалі 2 «ДосболLIKE» акциясы 3. «Ұстазға тағзым – білімге бас иу» челлендж 4.«Мамандықтар марафоны» «Еңбегі адал жас өрен» жобасы 5 Тәуелсіздігм-тұғырым 6. Шын жүректен кітап сыйла челленджі 7. Ұлт болашағы – тәртіпті ұрпақ» «Отбасылық дәстүрлер» көрме	«Оқуға құштар мектеп» жобасы Үзіліс кездерінде «5 минут кітап оқу» (акцияларын ұйымдастыру	Жыл бойы Қыркүйек Қазан Қараша Желтоқсан Қаңтар Ақпан Наурыз Мамыр	Ермек М.Р Амангалиева Л.Ж Санатқызы Д Құралова Д.Қ Жолшарова А	Оқушыларға ғылыми терминалогияны, қолдана отырып,әдеби дереккөздерді сипаттау дағдыларын қалыптастыру.
Айлық пен апталықтар	1. «Тіл – тәуелсіздік тұғыры» қазақ тілі пәнінен апталық 2. «Спорт-денсаулық кепілі!» бастауыш сыныптарда деншынықтыру апталығы. 1-4 сынып 3. «Әдебиет – рухани азық» (әдебиеттік оқу пәнінен апталық) 4. «Білім жүгін бірлесіп, биікке самғат бірлестік» 5.	Апталық	22.09-26.09.25ж 6.10-10.10.25ж 17.11-21.11.25ж 08.12-12.11.25ж	Бастауыш сынып мұғалімдері	Әдістемелік нұсқау хат негізіндегі өзгерістерді тәжірибелеріне енгізу
Пән бойынша ашық сабақтар мен сыныптан тыс шаралар	СЫНЫПТАН ТЫС ШАРАЛАР: 1. «Құстар-біздің досымыз» кеш МАД, ШДО 2. «Білім кілті-кітапхана» дөңгелек үстел.1-4 сынып арасында. 3. «Есінде ме, сол бір кез...» ретро ән кеші АШЫҚ САБАҚТАР: 1. Қазақ тілі. (1-4 сыныптар) 2. Орыс тілі. (1-4 сыныптар) 3. Әдебиеттік оқу. (1-4 сыныптар) 4. Ағылшын тілі (1-4 сыныптар)	Әдеби кеш кеш Ашық сабақ Ашық сабақ Ашық сабақ Ашық сабақ Ашық сабақ	11-15.11.2025 6.12.2025ж 12..12.2025ж Қазан Желтоқсан	Жолшарова А.С Ерсарина С.Ж	Жинақталған білімдерін пайдалана отырып, сөздік қорларын толықтыру, ауыз екі тілде еркін жеткізуін қалыптастыру. Қазақ тіліне, әдебиетіне, тарихына қызығушылығын арттыру, ой- өрісін, дұрыс сөйлеуі дағдыларын, қабілеттерін дамыту

	5. Математика. (1-4 сыныптар) 6. Жаратылыстану. (1-4 сыныптар)	Ашық сабақ			
Дарынды балалармен жұмыс	1. 3-4 сынып оқушылары арасында «Ақ бота», «Кенгуру» марафонына қатысу. 2. «БАСТАУ» олимпиадасына дайындық деңгейін бақылау 3. «Кішкентай білгірлер» сайысына қатысу. 4. . «Зерде» ғылыми-шығармашылық байқауына қатысу	Олимпиада	Жыл бойы		Шығармашылық қабілеті артады, сыни ойлауы дамиды.
Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс	«Бір минут», «Алтын қақпа», «Кім жүйрік?» т/б сыныптан тыс шаралар	Сайыс турнир	Тоқсан сайын	Бастауыш сынып мұғалімдері	Деңгейлік тапсырмаларды орындату арқылы, үлгерімі төмен оқушылардың білім деңгейін жақсарту
Ресми құжаттармен жұмыс	2025-2026 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпенісу.	Пайдалану	Үнемі	Пән мұғалімдері	Әдістемелік нұсқау хат негізіндегі өзгерістерді тәжірибелеріне енгізу
Диагностикалық және әдістемелік карта	Әр тоқсанның мониторинг көрсеткіштері	Мониторинг жасау	Тоқсан сайын	Пән мұғалімдері	Зерттеу жұмысының қорытындысы негізінде оқу сапасының мазмұнын арттыру мақсатында әдістемелік кеңес ұсынылады
Алынатын бақылаулар Мектепшілік бақылау	1. Қазақ тілі мен математика пәнінен тест алу 2. Әдебиеттік оқу пәнінен оқу шапшаңдығын алу 3. Ағылшын тілінен тест алу 4. Қазақ және орыс тілдерінен диктант алу	тест оқу шапшаңдығын тест диктант	қаңтар ақпан наурыз сәуір	Ермек М.Р Амангалиева Л.Ж Санатқызы Д Құралова Д.Қ Аймұханбетова А.А Аманқызы Ш	Оқушылар алған теориялық білімдерін практика жүзінде жүзеге асырып, ілгері дамиды.

Бастауыш сынып бірлестігінің ІІ жартыжылдық 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

Әдістемелік бірлестіктің жұмыс мазмұны	Жұмыс тақырыбы	Түрі	Өтілетін күні	Жауапты мұғалімдер	Нәтижесі
Тәжірибе алмасу	ІVотырыс 1. Бастауыш сынып пәндері бойынша белсенді оқыту тәсілдерін тиімді пайдалану арқылы оқушылардың шығармашылық-логикалық болмысын жетілдіру . 2. Қазақ тілі мен математика пәнінен алынған тест қорытындысы. 3. Оқу шапшандығының қорытындысы. 4. ІІ Тоқсан бойынша білім сапасының мониторингісі туралы.	Хаттама	наурыз	Пән мұғалімдері Ермек М.Р Амангалиева Л.Ж Санатқызы Д Құралова Д.Қ	Тәжірибе қосып, пікір алысып, әдістемелік шеберліктері артады.
	V отырыс 1.4-5 сыныптар арасында сабақтастықты орнату мәселесі 2.Қазақ және орыс тілдерінен алынған диктант қорытындысы 3.ІVтоқсан бойынша білім сапасының мониторингісі туралы 4. 2025-2026 оқу жылы бойынша қорытынды	Мониторинг құрастыру	мамыр	Пән мұғалімдері Аманқызы Ш	
Білімін, кәсіби деңгейін көтеру	1.Шығармашыл педагогтардың іс тәжірибесін тарату бағытында мақалалар жариялау	Басылымға мақала беру	Жыл бойы	Бірлестік жетекшісі мен мүшелері	Өз білімін көтерудегі жеткен жетістігі, санаттарын көтеру , мақала беру, семинарлар өткізу

Апталық	1. Табиғатты танып, болашақты болжаймыз!" жаратылыстану пәні бойынша апталық 2. "Мейірім төк, қайырым қыл – өмір мәні сол емес пе?" әлеуметтік педогог апталығы 3. "Білім мен логика — болашақ кілті" апталығы	апталық апталық апталық	19-23.01.26ж 02-07.02.26ж 20-24.04.2026ж	Бастауыш сынып мұғалімдері Қалиева Ф Бастауыш сынып мұғалімдері	Жаңартылған білім мазмұны негізінде, теориялық білімді меңгерте отырып, ауыз екі сөйлеу дағдысын қалыптастыру.
----------------	--	-------------------------------	--	---	--

Пән бойынша ашық сабақтар мен сыныптан тыс шаралар	Ашық сабақтар 1. Қазақ тілі. (1-4 сыныптар) 2. Орыс тілі. (1-4 сыныптар) 3. Әдебиеттік оқу. (1-4 сыныптар) 4. Ағылшын тілі (1-4 сыныптар) 5. Математика. (1-4 сыныптар) 6. Жаратылыстану. (1-4 сыныптар)	ашық сабақ ашық сабақ ашық сабақ		Пән мұғалімдері Ермек М.Р Аманғалиева Л.Ж Санатқызы Д Құралова Д.Қ Аймұханбетова А. Аманқызы Ш	Жинақталған білімдерін пайдалана отырып, сөздік қорларын толықтыру, ауыз екі тілде еркін жеткізуін қалыптастыру. Қазақ тіліне, әдебиетіне, тарихына қызығушылығын арттыру, ой- өрісін, дұрыс сөйлеуі дағдыларын, қабілеттерін дамыту.
Дарынды балалармен жұмыс	Зерде ғылыми жобасына дайындық	Әңгіме-дебат	18.04.26	Бірлестік жетекшісі ОЮ. Смайлова І	Шығармашылық қабілеті артады, сыни ойлауы дамиды
Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс	Мен таныған әлем		Тоқсан сайын	Пән мұғалімдері	Деңгейлік тапсырмаларды орындату арқылы, үлгерімі төмен оқушылардың білім деңгейін жақсарту
Ресми құжаттармен жұмыс	Оқу бағдарламасындағы өзгерістерді қарау. ОМЖ. ҰМЖ. КМЖ	пайдалану	үнемі	Пән мұғалімдері	Оқу бағдарламасы негізіндегі өзгерістерді тәжірибелеріне енгізу
Диагностикалық және әдістемелік карта	Әр тоқсанның мониторинг көрсеткіштері	Мониторинг жасау	Тоқсан сайын	Пән мұғалімдері	Зерттеу жұмысының қорытындысы негізінде оқу сапасының мазмұнын арттыру мақсатында әдістемелік кеңес ұсынылады
Алынатын бақылаулар	1. Қазақ тілі мен математика пәнінен тест алу 2. Әдебиеттік оқу пәнінен оқу шапшаңдығын алу 3. Ағылшын тілінен тест алу 4. Қазақ және орыс тілдерінен диктант алу	тест оқу шапшаң алу тест диктант	қаңтар ақпан наурыз сәуір		Оқушылар алған теориялық білімдерін практика жүзінде жүзеге асырып, ілгері дамиды.